

№5 Педагогикалық кеңес

Мерзімі: 29 мамыр 2026

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылының қорытындылары»

Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, баланың жазғы демалысын ұйымдастыру, алдағы оқу жылына дайындық.

Күн тәртібі:

1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау
2. 2025-2026 оқу жылындағы оқу тәрбие жұмысының бір жылдық есебін талдау.
3. Балалардың даму көрсеткіштерін талдау. (Әдіскер)
4. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларын талқылау (жазғы оқу-тәрбие жоспары)
5. Ашық пікірталас: “Баланың жазғы қауіпсіздігі басты назарда” баяндама

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын қанағаттанарлық деп таныды.

2025–2026 оқу жылының екінші жартысында өткізілген №4 педагогикалық кеңесте балабақша педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық тәрбие мен денсаулық сақтау бағытын күшейту сияқты маңызды мәселелер қаралғандығын айтты. Кеңесте қабылданған шешімдер оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған нақты іс-шаралармен бекітілді дей келе, №4 педкеңестің шешімдерін жүзеге асыру барысында бірнеше бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілді деді. **Педагогтердің кәсіби дамуы**, Педагогтер арасында шеберлік сағаттары, тәжірибе алмасу семинарлары мен ашық оқу іс-әрекеттері ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар педагогикалық әдіс-тәсілдерді жаңарту мен инновациялық технологияларды енгізуге мүмкіндік берді.

Екінші мәселе бойынша меңгерушісі 2025–2026 оқу жылының есебін тыңдады. Барлық топтың тәрбиешілері, психолог, медбике оқу жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Тәрбиешілері топтатағы бала саны, ұлты туралы ақпарат берді. Тәрбиешінің өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-

шараларға тоқталды. Қыркүйек айында білім күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналысын өткен. Қазан айында тіл мерекесіне, ұстаздар күніне орай тәрбие сағатын, республика күніне орай іс шара, алтын күз мерекелік ертеңгілік өткен. Қараша айында балабақшаның жылдық жоспары бойынша, ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер өткен. Желтоқсан айында тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік теңдігім, егеменді елдігім» тақырыбында аудандық семинар, жаңа жыл мерекесінің ертеңгілігін өткізген. Наурыз айында аналар мерекесіне орай ертеңгілік және қазақтың төл жаңа жылын барлық топ атап өткенін айтты. Сәуір айында ғарышкерлер мерекесін, мамыр айында достық мерекесін, Отан қорғаушылар күні мен жеңіс күнін атап өткенін айтты. Ал, ересек топтары мамыр айында балабақшамен байланыс жоспары бойынша, кіріктірілген қорытынды іс әрекетін және балабақшамен қоштасу кешін өткізгенін айтты.

Әрбір топтың жоспарларына сәйкес ата-аналар жиналысы өтіп, онда қаралған және шешімін тапқан мәселелерді атап өтті.

Балабақша психологы өзінің жылдық жоспарына сәйкес тіл кемістігі бар балалармен жүргізілген жұмыс пен жылдың соңына қарай көрсеткен нәтижелерін айтты.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері мониторинг нәтижесінде балалардың даму көрсеткіштерін талдады. Балалардың оқу жылы басында коммуникативті, танымдық дағдыларының едәуір төмен деңгейде болғандығын тілге тиек етті. Түзету жұмыстарының нәтижесінде бұл көрсеткіш оқу жылы соңына қарай жоғары деңгей көрсетті.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Жаз – балалардың денсаулығын нығайтып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғатпен етене жақын болуға мүмкіндік беретін маңызды кезең. Балабақшада бұл мезгіл арнайы жоспар негізінде ұйымдастырылып, балалардың жазғы демалысын мазмұнды әрі пайдалы өткізу мақсат етіледі деді. Әдіскер жаздың әдістемелік жоспарымен таныстырып өтті.

Жазғы кезеңге арналған оқу-тәрбие жұмыстары **бірнеше бағыт** бойынша ұйымдастырылады:

Салауатты өмір салтын қалыптастыру:

Жаз айында балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруға, таза ауада көбірек болуын қамтамасыз етуге баса назар аударылған. Жоспарда күн сайын таңғы жаттығу, таза ауадағы серуендер, спорттық жарыстар мен қозғалмалы ойындар қарастырылған. Бұл балалардың иммунитетін нығайтып, денсаулығын жақсартуға бағытталған. **Шығармашылық және зияткерлік**

дамыту:

Балалардың жазғы шығармашылық әлеуетін ашу үшін сурет салу, ермексазбен жұмыс, музыка және драма үйірмелері, асфальтқа сурет салу байқаулары ұйымдастырылады. Логикалық тапсырмалар, ұлттық ойындар арқылы ойлау қабілеті мен сөйлеу тілі дамытылады.

Табиғатпен таныстыру және экологиялық тәрбие:

Табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы түсініктерді кеңейту мақсатында бақылау жұмыстары, табиғи материалдармен ойындар, су және құммен тәжірибе жасау қарастырылған. Сонымен қатар, балалар гүлдерді күтіп-баптауға, таза ауада тазалық сақтау ережелерін ұстануға үйретіледі.

Ұлттық тәрбие және адамгершілік құндылықтар:

Жоспарға халық ертегілері, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрге негізделген танымдық ойындар мен іс-шаралар енгізілген. Балалар туған жерін, отбасын сүйу, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу сияқты адамгершілік қасиеттерге тәрбиеленеді.

Балалар мерекелері мен көңіл көтеру:

Жоспарға 1 маусым – Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік концерт, ойындар күні, қуыршақ театры, еркін ойын күндері мен көңілді жарыстар енгізілген. Бұл балалардың әлеуметтік дағдыларын, ұжымда өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп әр бөлімге тоқталып өтті.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері “Баланың жазғы қауіпсіздігі басты назарда” тақырыбында баяндама оқып, ашық пікірталас ұйымдастырды. Топ тәрбиешілері топтарда ұйымдастырылатын қауіпсіздік шаралары бойынша өз ойларын ашық ортаға салды. Жаз мезгілінде балалардың жарақат алуы көптеп орын алатындықтан, алдын алудың жолдары қарастырылды.

ШЕШІМДЕР

1.№4 пед кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттандырылғы деп табылсын.

2.2025-2026 оқу жылындағы оқу тәрбие жұмысының бір жылдық есебі сарапталып талдау жасалсын.

3.Балалардың дамуы үшін ары қарай да түзету жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

4.Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бекітіліп, жұмыс жүргізілсін.

5. Балалардың қауіпсіздігіне баса назар аударылсын.

Төрайым: Есеналиева А

Хатшы: Есеналиева А